




*Алаш
қозғалыс
ы*

Сабаққа эпиграф:



Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларға Алаш қозғалысы туралы білімдерін қалыптастыру, түсіндіру.
2. Осы тақырыпта оқушылардың ойын дамыту, достық қарым-қатынастарын қалыптастыру, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту
3. Оқушыларды адамгершілікке, өз Отанын сүйуге, патриоттыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу



Топтарға бөлу, тілектер айту, сынып девизи

Қазақ

Алаш





Тақырып мақсаты:

1. Алаш үкіметінің құрылуы

2. Алаш қайраткерлері

Әлихан Бөкейханов

3. Ахмет Байтұрсынов


Мынадай талаптарды қоямын:

1. Жауап берген оқушыны тыңдау
2. Топтағы оқушыларға көмектесу
3. Әділ бағалау
4. Қатыспай қалмайтын оқушы қалмауы керек
5. Сұрақтарға толық, нақты жауап беру

Сабақ алгоритмі

1. Мәтінді дауыстап оқып шығу (7м)
2. Хронология , жаңа сөздерді жазу (2м)
3. Аққала әдісі қолданылады (8)
4. “Сандар сөйлейді” ойыны кесте толтырады.(3м)
5. Сөздерді тап (2м)
6. Блиц сұрақтар. әр топқа жеке – жеке (4м)
7. Тест жұмысы (5м)
8. Бекіту (2)
9. Үйге тапсырма (1)

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР



Әлихан Бөкейханов

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басшысы, көрнекті қоғам қайраткері, қарымды қаламгер. Ол 1866-жылы Семей облысының Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7-ауылында дүниеге келді.

1879-1886ж Қарқаралыдағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды.

1886-1890-ж Омскдағы техникалық училищеде оқып, “Техник” мамандығын иелейді.

1890-1894-ж Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде оқиды.


Сол кезде “Саяси белсенділігі үшін” патша жандармериясының қара тізіміне түседі.

Алашорда партиясы жетекшілерінің бірі.

Ол Кеңес үкіметін мойындамаған.

Қазақтардың егемен ел болуын қалады.

Сол себепті 1937-жылы Ату жазасына кесілді.



Ахмет Байтұрсынов

Ахмет Байтұрсынов 1873-жылы қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі, қоғам қайраткері, ақын, қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің негізін қалаушы.

Торғайда, Оренбургте білім алғаннан кейін, Ақтөбеде, Қостанайда, Қарқаралыда орыс-қазақ мектептерінде сабақ берген.

1909-ж саяси белсенділігі үшін Семейдегі түрмеге қамалады.

1910-ж Оренбургке жер аударылып, сол жерде 1917-ж дейін болады.

Өзінің достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовтар мен бірлікте 1913-ж бастап ұлттық “Қазақ” газетін шығарып, оған жетекшілік етеді.

1921-1928-ж Қазақ халық ағарту институтында сабақ береді.

1929-ж 2-маусымда Алаш қайраткерлерімен бірге Алматыда тұтқындалып, Ресейдің солтүстік аудандарына жер аударылады.

1937-ж қайтадан тұтқындалып, ату жазасына кесіледі



Міржақып Дулатов

Қазақтың ұлт-азаттық
қозғалысының көрнекті
қайраткерлерінің бірі,
қарымды жазушы, зерделі
ақын және жалынды
публицист.
1885-жылы туылып, 1935-
жылы Ату жазасына
кесілген

Сандар сөйлейді

Уақыты	Оқиға
	Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланды
	Орынборда жалпықазақ съезі өтті
	Азамат соғысы аяқталды
	“Алаш” партиясы құрылды
	“Қазақ” газеті жарық көрді.

Сандар сөйлейді

Уақыты	Оқиға
1991-ж 16-желтоқсанда	Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланды
1917-ж 5-13 желтоқсанда	Орынборда жалпықазақ съезі өтті
1918-1920 ж	Азамат соғысы аяқталды
1917-ж	“Алаш” партиясы құрылды
1913-жылы	“Қазақ” газеті жарық көрді

Блиц сұрақтар

1-топқа

1. Қазақстан неше жыл бойы СССРға тәуелді болды.?
2. Қазақстан өз тәуелсіздігін қашан алды.?
3. Ә.Бөкейхановтың туған жылдары?
4. Ол 1879-1880 ж қай жерде оқиды?
5. Қай жерлерде түрмеде отырады?
6. А.Байтұрсыновтың атасы кім?
7. Ә.Бөкейханов қалай қайтыс болады?

2-топқа

1. Алаш қозғалысының қайраткерлерін ата?
2. Алашорда үкіметі қашан құрылды?
3. 1913-жылы шыққан газет?
4. 1873-жылы туған кім?
5. А. Байтұрсынов қай жерлерде білім алған?
6. Қай жерге жер аударылады.?
7. А.Байтұрсынов қалай қайтыс болады?

Тест сұрақтары:

1. 1917-жылы қай қалада жалпықазақ съезі болып өтті
А. Семейде Ә. Орынборда Б. Петербургте
2. Алашорда үкіметі қай жылы таратылды?
А. 1918-1920 Ә. 1920-1922 Б. 1922-1924
3. Алаш партиясының жетекшісі кім?
А. А.Байтұрсынов Ә. М.Дулатов Б. Ә. Бөкейханов
4. А.Байтұрсынов қай ауылда туылды?
А. Сарытүбек Ә. Қарқаралы Б. Тоқырауын болысында
5. 1866-жылы туған кім?
А. А.Байтұрсынов Ә. М.Дулатов Б. Ә. Бөкейханов
6. Ә.Бөкейханов Орман институтының қай факультетін оқыды?
А. Экология Ә. Экономика Б. Этнология
7. А.Байтұрсынов 1909-жылы қай түрмеге жабылады?
А. Семей Ә. Орынбор Б. Петербург

Тест сұрақтары:

1. 1917-жылы қай қалада жалпықазақ съезі болып өтті
А. Семейде Ә. Орынборда Б. Петербургте
2. Алашорда үкіметі қай жылы таратылды?
А. 1918-1920 Ә. 1920-1922 Б. 1922-1924
3. Алаш партиясының жетекшісі кім?
А. А.Байтұрсынов Ә. М.Дулатов Б. Ә. Бөкейханов
4. А.Байтұрсынов қай ауылда туылды?
А. Сарытүбек Ә. Қарқаралы Б. Тоқырауын болысында
5. 1866-жылы туған кім?
А. А.Байтұрсынов Ә. М.Дулатов Б. Ә. Бөкейханов
6. Ә.Бөкейханов Орман институтының қай факультетін оқыды?
А. Экология Ә. Экономика Б. Этнология
7. А.Байтұрсынов 1909-жылы қай түрмеге жабылады?
А. Семей Ә. Орынбор Б. Петербург



Бекіту:

Әр топ Алаш қозғалысы
туралы өлең айтады

Бағалау

Үйге тапсырма:

- “Алаш қозғалысы” мазмұнын оқу
- 5 тест сұрағын құрау
- Ұлы тұлғалар туралы қосымша табу



Тыңдағандарыңызға рахмет!

